

Қала әкімдігінің
2009 жылғы « 27 » _____
№ 3074 қаулысына
1 ҚОСЫМША

**«Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ «№ 49 Мектеп-бақша» ММ
жанындағы мектепке дейінгі дамыту, тәрбиелеу және оқыту
мәселелері бойынша ата -аналар (немесе оларды ауыстырушы
тұлғалар) мен балаларға арналған кеңес беру орны туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже мектепке дейінгі дамыту, тәрбиелеу және оқыту, жөнінде ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар), балаларға арналған қызметті реттейді.

1.2. Мектепке дейінгі дамыту, тәрбиелеу және оқыту, мәселелері бойынша ата-аналар (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар) мен балаларға арналған кеңес беру орны «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ «№49 Мектеп-бақша» ММ-інде ұйымдастырылады.

1.3. Кеңес беру орны «№49 Мектеп-бақша» ММ-інің жалпыға бірдей білім бағдарламасының іске асыратын құрамдас бір бөлім болып табылады.

1.4. Кеңес беру орны ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар), мектепке дейінгі жастағы балаларға психологиялық, педагогикалық, логопедиялық көмек беру үшін ұйымдастырылады.

2. Кеңес беру орнының мақсаты мен міндеттері

2.1. Кеңес беру орнының мақсаты – отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету, ата – аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар) психологиялық, педагогикалық, логопедиялық көмек көрсету, балалардың қызығушылығы мен ата-аналардың (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар) сұраныстарын есепке ала отырып, қабілеттерін дамытуға, бала дамуындағы коррекциялық бұзушылықты ретке келтіруге көмек көрсету.

2.2. Кеңес беру орнының негізгі міндеттері:

- Мектепке дейінгі балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту, жайындағы түрлі сұрақтарға байланысты ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар), балаларға көмек көрсету;

- Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде отбасына үй жағдайында әдістемелік, диагностикалық кеңес көрсету;

- «№49 Мектеп - бақша» ММ жалпыға бірдей білім бағдарламасын жүзеге асыра отырып, ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар)

және басқа мекемелерге баланы тәрбиелеуде байланыс жасап, қолдауға көмектеседі;

- Балалардың физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік дамуындағы ауытқушылыққа байланысты кешенді профилактика жүргізуге;

- Білім беру мекемелеріне бармайтын мектепке дейінгі жастағы балаларға көмек көрсету.

3. Кеңес беру орнының құқығы

Кеңес беру орнына мақсатын орындау үшін мынадай құқық беріледі:

3.2. Ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар) баланын тәрбиесі, дамуы жөніндегі сұрақтар бойынша кеңес беру;

3.2. Кеңес беру орнының отырысына тәрбие ісі жөніндегі сұрақтар қызықтыратын тұлғаларды шақыруға;

3.3. Мектепке дейінгі мекемелер, мектеппен және мектепке дейінгі мекеме мамандары мен кеңес беру орталығы құзырындағы сұрақтарды бірлесе отырып шешуге;

3.4. Қала, облыс көлеміндегі мектеп және мектепке дейінгі мекемелермен байланыста болуға;

3.5. Мектеп және мектепке дейінгі мекемелердің жұмысын нығайтуға өз ұсынысын ұсынуға, отбасы мен қоғамдық тәрбиенің бірлігін қамтамасыз етуге.

3.6. Белгіленген тәртіп бойынша қажет болған жағдайда психологиялық, педагогикалық, медициналық, логопедиялық кешенді тексеру жұмысын жүргізуге эксперттік комиссия құруға.

4. Кеңес беру орны қызметін ұйымдастыру

4.1. Ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар) психологиялық педагогикалық, логопедиялық және тәрбие бағытындағы сұрақтарға көмек көрсетеді. кеңес беру орны баланы тәрбиелеу, оқыту, дамытуын әлеуметтік педагог, педагог-психолог, логопед т.б. мамандар интеграция негізінде жүргізіледі.

4.2. Ата-аналарға (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар) кеңес беру бір мезгілде бір немесе бірнеше мамандардың қатысуымен беріледі.

4.3. Кеңес беру орны жұмыс жасау уақыты – аптасына 5 жұмыс күні, 2 демалыс күні: сенбі, жексенбі. Жұмыс жасау уақытының ұзақтығын «№49 Мектеп – балабақша» басшысының бекітуімен жасалады.

4.4. Кеңес беру орнында лекторийлер, теориялық, тәжірибелік семинарлар ұйымдастырылады. Кеңес беру орнында ата-аналар (немесе оларды ауыстырушы тұлғалар), балалармен ұйымдастыратын жұмыс түрлері әр түрлі топтық, жеке т.б.

4.5. Кеңес беру орны жалпы білім бағдарламасын орындауға медициналық мекеме, психологиялық-педагогикалық қолдау орталықтары,